



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 қаңтар

ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері коллекторлық агенттіктердің және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен кездесті

Ұлттық Банкте коллекторлық агенттіктердің борышкерлермен, сондай-ақ уәкілетті органның коллекторлық агенттіктердің қызметіне бақылауды жүзеге асыруы шеңберінде онымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша коллекторлық агенттіктердің және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен кездесу өтті.

2017 жылғы 2 маусымда берешекті сотқа дейін өндіріп алуға ашық құқықтық алаң құруға және коллекторлардың борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілеуге бағытталған «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) қолданысқа енгізілгенін еске саламыз.

ҚРҰБ Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьевтің айтуынша: «Ұлттық Банк қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, әсіресе анағұрлым әлсіз санат – жеке тұлғаларды немесе жеке клиенттерді қорғауға ерекше көңіл бөледі. Заң борышкерлердің құқықтарын, оларды қорғау тетіктерін күшейту және борыштарды кредиторлар тартқан тұлғалар тарапынан жосықсыз өндіріп алу практикасына жол бермеу үшін қабылданды».

Ол жиналғандарға 2017 жылғы 3 желтоқсанда өтпелі кезеңнің аяқталғанын хабарлады, сол кезеңнің ішінде Заң қолданысқа енгізілгенге дейін коллекторлық қызмет белгілері бар қызметті жүзеге асырған және коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниетті заңды тұлғалар әділет органдарында коллекторлық агенттіктер ретінде қайта тіркеуден, сондай-ақ әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен күннен бастап үш айдың ішінде Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өтуге тиіс болатын.

Ұлттық Банктің мәліметінше 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық Банкте есептік тіркеуден 60 коллекторлық агенттік өткен, оның ішінде ең көбі – 34 коллекторлық агенттік Алматы қаласында тіркелген.

Кездесу барысында Ұлттық Банктің өкілдері коллекторлық қызметті жүзеге асырудың негізгі қағидаларын, коллекторлардың борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәсілдері мен тәртібін айтты, сондай-ақ борыштарды шешудің өркениетті нарығын қалыптастыру қажеттілігіне назар аударды.

Ұлттық Банк коллекторлық агенттіктердің борышкермен өзара іс-қимыл жасауының Заңда рұқсат етілген тәсілдері туралы айтты

Бүгін Ұлттық Банкте коллекторлық агенттіктердің және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен болған кездесу барысында Ұлттық Банктің өкілдері борышкермен өзара іс-қимыл жасаудың Заңда рұқсат етілген тәсілдері туралы айтты: телефонмен сөйлесу; жеке кездесулер; жеке тұлға борышкерге тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) бойынша

жіберілетін жазбаша (пошта арқылы) хабарламалар; ұялы байланыс, Интернет желісі бойынша жіберілетін мәтіндік, дыбыстық және өзге хабарлар.

Ұлттық Банктің өкілдері қатысушыларды борышкермен өзара іс-қимыл жасаудың Коллекторлық қызмет туралы заңда рұқсат етілетін уақыты туралы хабардар етті: атап айтқанда: жұмыс күні ғана; күн ішінде сағат 08.00 – 21.00 аралығындағы кезеңде телефонмен 3 реттен көп емес сөйлесу; аптасына 3 реттен көп емес кездесу, бұл ретте күн ішінде сағат 08.00 – 21.00 аралығындағы кезеңде бір кездесуден көп емес. Бұл ретте олар өзара іс-қимыл жасау уақытын борышкердің таңдайтынын атап өтті. Мереке және демалыс күндері кез келген жеке байланыс жасауға тыйым салынады.

Сондай-ақ ҚРҰБ Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев коллекторлық агенттіктердің жосықсыз деп танылатын және тиісінше тыйым салынған іс-әрекеттерін атап өтті. Атап айтқанда, мыналар осындай іс-әрекеттер болып табылады:

1) борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасаудың Коллекторлық қызмет туралы заңда көзделмеген өзге тәсілдерін пайдалану;

2) борышкердің және оның өкілінің арына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату не оларға мүліктік зиян келтіретін мәліметтерді жария ету;

3) борышкердің және оның өкілінің құқықтары мен бостандықтарына араласатын, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін, сондай-ақ оларға мүліктік және өзге де зиян келтіруге әкелетін заңсыз іс-әрекеттер жасау;

4) қауіп-қатер арқылы қысым көрсету, күш қолдану не борышкердің және (немесе) оның өкілінің және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкін жою немесе бүлдіру, тіл тигізу, алаяқтық жасау, жалған құжат жасау, бопсалау, борышкерді банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлеу;

5) борышкерді, оның өкілін берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздемелеріне қатысты жаңылыстыру;

6) берешекті өтеу есебіне ақша (қолма-қол немесе қолма-қол жасалмайтын нысанда), сондай-ақ өзге де мүлікті қабылдау;

8) берешекті ақшадан басқа, өзге де мүлікпен өтеуін талап ету;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредитордан және (немесе) оның өкілінен, және (немесе) үшінші тұлғалардан алынған, Қазақстан Республикасының заңдарымен сақталатын құпияны жария ету.

Коллекторлық қызметтің ерекше болуына және әлеуметтік тұрғыдан сезімтал болуына байланысты А. Терентьев коллекторлық агенттіктердің басшыларына іскерлік беделі мінсіз адамдарды жұмысқа жалға алуға ерекше назар аударуға, сондай-ақ борышкерлермен өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын қызметкерлер арасында түсіндіру жұмысын жүйелі түрде жүргізуге шақырды.

Ол Коллекторлық қызмет туралы заңға сәйкес борышкермен және (немесе) оның өкілімен өзара іс-әрекетке психо-, нарко, туб-диспансерлерде есепте тұрған, жеке басына, отбасына, меншік қауіпсіздігіне қарсы құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшырайтын қызметкерлерге рұқсат етілмейтіндігін мәлімдеді.

Сондай-ақ Ұлттық Банктің өкілдері коллекторлық агенттіктердің өкілдерін заңнаманың талаптарын бұзу салдарлары, сондай-ақ коллектордың іс-әрекеттерінен қылмыстық жазалауға жататын әрекеттерді анықтаған жағдайда құқық қорғау органдарына мәліметтерді беру туралы ескертті.

Ақпарат жинау, коллекторлық агенттіктердің қызметін талдау және коллекторлық қызмет туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Ұлттық Банкте бүгін коллекторлық агенттіктердің борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша өткен кездесу барысында қоғамдық бірлестіктердің бастамасы бойынша коллекторлық агенттіктер, қоғамдық бірлестіктер және Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен коллекторлық агенттіктердің қызметін талдау және коллекторлық қызмет туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

«Ел-бірлігі» ҚБ-ның басшысы Шолпан Ризабекова «коллекторлардың борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін заңнамалық деңгейде белгілеу, борышкердің коллекторлық агенттіктің әрекетін даулау құқығын бекіту борышкерлердің жағдайын жақсартуға және республикада борыштарды шешудің ашық және өркениетті нарығын құруға мүмкіндік беретінін» атап өтті.

«Ұлттық Банктің, Қазақстан Парламенті депутаттарының, жұртшылықтың 2017 жылы атқарған үлкен жұмысының арқасында көптеген қарыз алушылар үшін проблемалық қарыз алушылардың кредитор банктер және коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимылын регламенттейтін көптен күттірген Заң қабылданды. Заңның қолданысқа енген күнінен бастап шамалы ғана уақыт өтті. Коллекторлық агенттіктер өз қызметтерін Заңға сәйкестендіруді енді ғана бастады, сол себепті біз коллекторлық агенттіктер, қоғамдық бірлестіктер және Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобын құру ұсынысымен шығып отырмыз. Жұмыс тобының қызметі коллекторлық агенттіктердің қызметін талдауға және коллекторлық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге жұмылдырылатын болады», - деді «Триумф - 5» ҚБ-ның басшысы Қанағат Тәкеева.

Кездесуге қатысушылар қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің бастамасын қолдап, «Ел-бірлігі» ҚБ-ның басшысы Шолпан Ризабекованы жұмыс тобының жетекшісі етіп сайлады.

Сөзінің соңында А. Терентьев қоғамдағы әлеуметтік шиеленіске жол бермеу мақсатында коллекторлық агенттіктердің заңнама нормаларын қатаң сақтауы және борышкерлер және олардың өкілдерімен сындарлы сұхбат орнату қажеттілігі туралы атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz